

2022-2025 жылдар аралығындағы сапа саласындағы САЯСАТ

Қ.И.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті – Қазақстандағы техникалық білім берудің флагманы, үздік студенттерді, талантты оқытушыларды және жетекші ғалым зерттеушілерді тартады, еліміздің және әлемнің ең ірі жоғары технологиялық компанияларымен бірлескен жобаларды жүзеге асырады.

Satbayev University миссиясы – адам игілігі үшін ғылым мен білім беру.

Satbayev University сапаны қамтамасыз ету саясаты 2022-2026 жылдарға арналған Стратегия мен Даму бағдарламасының ажырамас бөлігі болып табылады, онда ЖОО-ның болашаққа деген көзқарасы – «QS рейтингі бойынша 2026 жылға қарай әлемнің 300 ТОП университетінің қатарында болу».

Satbayev University – ғылыми қоғамдастық, бизнес және мемлекет үшін бастауды біріктіретін инженерлік білім беру, әлемдік деңгейдегі іргелі және қолданбалы зерттеулердің орталығы болуды өзіне мақсат етіп отыр.

Satbayev University 2026 жылға арналған стратегиялық міндеттері:

1. Университеттің сапалық контингенті-студенттердің жалпы санынан PhD докторанттарының 10%-ы;
2. Зерттеудің сапалы нәтижелері – Q1 және Q2-де 300 ғылыми жарияланым;
3. Сапалы ғылыми зерттеулер – келісім-шарттық зерттеулердің сомасы жылына кемінде 2,0 млрд. теңге;
4. Сапалы білім – түлектердің кемінде 10%-ы 1 000 000 теңге жалақы алады.

Satbayev University айрықша белгілері – «зерттеу және инновациялық өндірістер арқылы оқыту» принципін іске асыру; ғылым мен индустрияны дамытудың ұлттық және әлемдік басымдықтарына бағдарлану, кешенді қаржыландыру; ҚР ЖОО-ларымен тығыз өзара әрекет; «университет – өңір» жүйесіндегі жаңа интеграциялық және кооперациялық байланыстар.

Satbayev University ерекше мәртебесі бар дербес жоғары оқу орны ретінде өзінің білім беру және ғылыми стандарттары, ISO 9000 сериялы халықаралық сапа стандарттары, еуропалық жоғары білім беру кеңістігінің (ESG) сапасын қамтамасыз ету жөніндегі ережелер мен Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттары шеңберінде мәлімделген Сапа саясатына қол жеткізу бойынша корпоративтік жауапкершілікті өз міндетіне алады.


Саясат университеттің сапа мәдениетін дамытуды қалыптастыруға бейімделген және:

- академиялық және ғылыми еркіндікке, төзбеушіліктен, зияткерлік экстремизмнен және кез келген кемсітушілік түрлерінен қорғауға;
- білім және ғылым саласындағы корпоративтік рух пен алқалық шешімдерге;
- күнделікті шешімдер үшін ыңғайлы сандық ортаға, қашықтан және бұлтты технологияларға бағытталды.

Университеттің студенттері, оқытушылары, ғалымдары мен түлектері адалдықты, кәсіпқойлықты, жаңа кәсіби және зерттеу құзыреттерін алуды, академиялық және ғылыми міндеттерді алқалық шешуге белсенді қатысуды және Satbayev University миссиясын, Стратегиясын, корпоративтік рухын сақтауды қолдайды.

Осы сапа саласындағы саясат Университеттің корпоративтік басқармасының барлық деңгейлерінде алқалы түрде мақұлданған және ішкі және сыртқы мүдделі тараптар үшін Satbayev University кез келген қызметтері мен өнімдерінің сапасын қамтамасыз етуге бағытталған.

Ректор



М.Бегентаев